

**«Қазақстан Футбол
федерациясы»
қауымдастығы» ЗТБ
Атқару комитетінің 2021
жылғы «08» қаңтардағы
№5/22 хаттамасымен
бекітілген**

ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ РЕТТЕМЕ

«Қазақстан Футбол федерациясы» қауымдастығы» ЗТБ

Нұр-сұлтан қ. 2021

МАЗМҰНЫ

ПРЕАМБУЛА	3
КІРІСПЕ	4
1-БАП. ДОПИНГТІҢ АНЫҚТАМАСЫ	6
2-БАП. ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ ЕРЕЖЕЛЕРДІ БҰЗУ	6
3-БАП. ДОПИНГТІҢ ДӘЛЕЛІ	8
4-БАП. ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ТІЗІМ	9
5-БАП. ТЕСТІЛЕУ ЖӘНЕ ТЕРГЕУ	10
6-БАП. СЫНАМАЛАРДЫ ТАЛДАУ	11
7-БАП. НӘТИЖЕЛЕРДІ ӨҢДЕУ	12
8-БАП. ӘДІЛ ТЫҢДАУ ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ТЫҢДАУ БАРЫСЫНДА ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ	12
9-БАП. ЖЕКЕ НӘТИЖЕЛЕРДІҢ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ КҮШІН ЖОЮ	12
10-БАП. ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРҒА САНКЦИЯЛАР	12
11-БАП. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ	14
12-БАП. СПОРТШЫЛАР МЕН ӨЗГЕ ДЕ ТҮЛҒАЛАРДЫҢ ҚОСЫМША МІНДЕТТЕРІ	15
13-БАП. АППЕЛЯЦИЯ	15
14-БАП. ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ	16
1-ҚОСЫМША АНЫҚТАМАЛАР МЕН ТЕРМИНДЕР	18

ПРЕАМБУЛА

ҚФФ Атқару комитеті:

- 1) ҚФФ Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті мойындаған футбол бойынша жалғыз аккредиттелген республикалық спорт федерациясы болып табылатындығын,
- 2) ҚФФ Қазақстан Республикасының аумағында FIFA және UEFA жалғыз мүшесі болып табылатындығын,
- 3) Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңының 12-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес республикалық аккредиттелген спорт федерациялары республикалық спорт федерациясы өткізетін жарыстар туралы ережелерді (реттемелерді) әзірлеуге және дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органмен келісуге міндетті екендігін;
- 4) Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңының 12-бабы 2-тармағының 5) тармақшасына сәйкес республикалық аккредиттелген спорт федерациялары спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасы құрама командаларының (спорт түрлері бойынша ұлттық құрама командалардың) халықаралық спорт жарыстарына дайындығын және қатысуын қамтамасыз етуге міндетті екендігін;
- 5) Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңының 12-бабы 2-тармағының 24) тармақшасына сәйкес республикалық аккредиттелген спорт федерациялары, егер осы шарттар халықаралық спорт федерацияларының талаптарында көзделсе, кәсіби спортты дамыту жөніндегі міндеттерді орындауға міндетті екендігін;
- 6) FIFA Допингке қарсы реттемесі осы Реттемеге енгізу үшін міндетті талаптарды қамтитындығын;
- 7) Қазақстан Республикасының «Дене шынықтыру және спорт туралы» Заңының 44-2-бабына сәйкес допингке қарсы ережелерді бұзғаны үшін шаралар көзделгенін;
- 8) ҚФФ Жарғысының 11.11.16-тармағына сәйкес Атқарушы комитеттің құзыретіне ҚФФ реттемелерін бекіту және оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу кіретіндігін басшылыққа ала отырып,

осы Реттемені бекітті.

КІРІСПЕ

«Қазақстан Футбол федерациясы» қауымдастығы» ЗТБ (бұдан әрі - ҚФФ) осы Допингке қарсы реттемені қабылдады. Осы Реттеме «Дүниежүзілік допингке қарсы кодексіне» (бұдан әрі - «Кодекс»), ҚР 2019 жылғы 13 желтоқсандағы № 280-VI дене шынықтыру және спорт туралы Заңына (бұдан әрі - Заң), Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитетінің (әрі қарай ҰОК) допингке қарсы бағдарламасына, FIFA ANTI-DOPINGREGULATION 2021 edition (бұдан әрі - ФИФА ДҚЕ) және 13 шілде 2020ж. № 1724 ФИФА циркулярына негізделген. Осы Ережелердің шарттары 19.10.2005 жылы Париж қаласында өткен 33-ші сессияда ЮНЕСКО-ның Бас Конференциясы қабылдаған «Спорттағы допингке қарсы күрес туралы халықаралық конвенцияның» ережелеріне сәйкес келеді

Спортшылар мен жарыстың басқа да қатысушылары осы Допингке қарсы ережелерді спорттық іс-шараларға қатысу шарты ретінде қабылдайды және оларды ұстануға міндетті.

Ұлттық ережелер мен ФИФА-ның Допингке қарсы ережелері арасында кез келген сәйкессіздік болған жағдайда, ФИФА-ның Допингке қарсы ережелерінде көрсетілген шарттар басым күшке ие болады.

Осы Реттеме ҚФФ-ға, оның мүшелеріне, сондай-ақ мүшелік, үлестестік, рұқсат, аккредиттеу немесе қатысу негізінде ҚФФ немесе оның қауымдастықтары (федерациялары) ұйымдастырған қызметке, Матчтарға немесе Жарыстарға қатысатын ойыншыларға, клубтарға, ойыншылардың персоналына, Матчтың ресми тұлғаларына, Ресми тұлғаларға және өзге де тұлғаларға қолданылады.

Осы Реттеме ҚФФ және тиісінше оның мүшелері юрисдикцияға ие болатын Допинг-бақылаудың барлық рәсімдеріне қолданылады.

Осы Реттеме оның күшіне енгеннен кейін туындаған мән-жайларға қолданылады. Осы Реттеме, егер осы Реттеме осындай мән-жайлардың туындауына кінәлі тұлғалар үшін бірдей немесе неғұрлым қолайлы болып табылса және осы мән-жайлар бойынша шешімді Реттеме күшіне енгеннен кейін ҚФФ заң органдары шығарса, бұрын туындаған мән-жайларға да қолданылады. ҚФФ барлық мүшелері осы Реттемені сақтауға міндеттенеді.

Ойыншылар, басқа жеке тұлғалар, ұйымдар және заңды тұлғалар «допингке қарсы ережелерді бұзу» ұғымын не қамтитынын білмегені үшін, сондай-ақ тыйым салынған тізімге енгізілген заттар мен әдістерді білмегені үшін жауап береді.

Осы Допингке қарсы ережелер мен процедуралар допингке қарсы қағидаттарды жаһандық және үйлесімді нығайтуға бағытталған, олар тек футбол саласында қолданылады және осыған байланысты қылмыстық, әкімшілік сот ісін жүргізуге немесе еңбек дауларына қолданылатын ұлттық құқықтық нормалар немесе заң стандарттары тарапынан реттелуге немесе шектелуге жатпайды. Допингке қарсы ережелер спорт үшін шынымен маңызды және құнды, көбінесе «спорт рухы» деп аталатын және олимпиадалық қозғалыстың мәні болып табылатын нәрсені сақтауға арналған. Бұл біздің әділ ойынға деген ұмтылысымызды анықтайды. Спорт рухы - адам рухын, денесін және ақыл-ойын дәріптеу; ол келесі құндылықтармен сипатталады:

- Этика, әділдік және адалдық;
- Денсаулық;
- Өнер көрсетудің ең жоғары деңгейі;
- Мінез және білім;
- Ләззат пен қуаныш;
- Ұжымшылдық;
- Міндеттемелерге берілгендік пен адалдық;
- Ережелер мен заңдардың сақталуы;

- Өзін және жарыстың басқа қатысушыларын құрметтеу;
- Батылдық;
- Қауымдастық және ынтымақтастық;
- Допинг спорттың рухына түбегейлі қайшы келеді.

1-БАП. ДОПИНГТІҢ АНЫҚТАМАСЫ

Допинг осы *Допингке қарсы* ережелердің 2.1-2.11-тармақтарында келтірілетін допингке қарсы ережелердің бір немесе бірнеше бұзушылықтарын жасау ретінде айқындалады.

2-БАП. ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ ЕРЕЖЕЛЕРДІ БҰЗУ

2-баптың мақсаты – допингке қарсы ережелерді бұзу ретінде анықталатын жағдайлар мен әрекеттерді сипаттау.

Спортшылар, Бапкерлер, KFT мамандары және Спортшыларды қолдау персоналы «допингке қарсы ережелерді бұзу» ұғымын не қамтитынын білмегені үшін, сондай-ақ *Тыйым салынған тізімге* енгізілген заттар мен әдістерді білмегені үшін жауап береді.

Допингке қарсы ережелерді бұзуға мыналар жатады:

2.1 Спортшыдан алынған Сынамада Тыйым салынған заттың немесе оның Метаболиттерінің немесе Маркерлерінің болуы

2.1.1 Әр Спортшының дербес міндеті – *Тыйым салынған заттың* өз денесіне енуіне жол бермеу. Спортшылар кез келген *Тыйым салынған затқа* немесе оның *Метаболиттеріне* немесе олардан алынған *Сынамалардан* табылған *Маркерлерге* жауап береді. Тиісінше, 2.1-тармаққа сәйкес бұзушылықты анықтаған кезде Спортшының ниеті, *Кінәсі*, немқұрайлылығы немесе саналы түрде Пайдалануы фактісін дәлелдеудің қажеті жоқ.

2.1.2 2.1-тармаққа сәйкес допингке қарсы ережелерді бұзудың жеткілікті дәлелі мынадай оқиғалардың кез келгені болып табылады: Спортшының А сынамасында Тыйым салынған затының немесе оның Метаболиттерінің немесе Маркерлерінің болуы, егер Спортшы Б сынамасына талдау жүргізу құқығын пайдаланбаған жағдайда және Б сынамасы талданбаған жағдайда; немесе Б сынамасы талдау және Б сынамасын талдау үшін алынған кезде тыйым салынған заттың немесе оның метаболиттерінің немесе Спортшының А сынамасында табылғанға ұқсас Маркерлердің болуын растайды; немесе Спортшының Б сынамасы екі құтыға бөлініп, екінші құтыны талдау Тыйым салынған заттың немесе оның Метаболиттерінің немесе бірінші құтыда табылғанға ұқсас Маркерлердің болуын расталған кезде.

2.1.3 *Тыйым салынған тізімде* арнайы сандық шегі белгіленген заттарды қоспағанда, *Тыйым салынған заттың* немесе оның *Метаболиттерінің* немесе Спортшының сынамасында *Маркерлердің* кез келген мөлшерінің болуы допингке қарсы ережелерді бұзу болып саналады.

2.1.4 *Тыйым салынған тізімде* және *Халықаралық стандарттарда* 2.1-тармақтың жалпы ережесінен ерекшелік ретінде организмде эндогендік жолмен өндірілуі мүмкін *Тыйым салынған заттарды* бағалаудың нақты критерийлері белгіленуі мүмкін.

2.2 Спортшының Тыйым салынған затты немесе Тыйым салынған әдісті Қолдануы немесе Қолдану әрекеті.

2.2.1 Әрбір Спортшының дербес міндеті *Тыйым салынған заттың* оның организміне түсуіне жол бермеу, сондай-ақ *Тыйым салынған әдісті* қолданбау болып табылады. Тиісінше, *Тыйым салынған затты* немесе *Тыйым салынған әдісті* қолдану жөніндегі допингке қарсы ережені бұзуды анықтау үшін Спортшының ниетін, *Кінәсін*, немқұрайлылығын немесе *Қолданғанын* дәлелдеудің қажеті жоқ.

2.2.2 Тыйым салынған затты немесе *Тыйым салынған әдісті* Қолдану немесе *Қолдану Әрекеті сәттілікке немесе сәтсіздікке әкелгені маңызды* емес. Допингке қарсы ережені бұзу фактісін анықтау үшін Тыйым салынған затты немесе Тыйым салынған әдісті Қолдану немесе Қолдану әрекеті жеткілікті.

2.3 Сынамаларды тапсыру процедурасына жалтару, бас тарту немесе келмеу

Допингке қарсы қолданыстағы ережелерге сәйкес хабарламадан кейін, ойыншыларды, қызмет көрсетуші персоналды немесе басқа тұлғалардың *Сынама* беруден жалтару немесе дәлелді себепсіз бас тарту немесе *Сынама* тапсыру процедурасына, допинг бақылау қызметкерлеріне (ФИФА, УЕФА) қатысты қорлайтын мінез-құлыққа келмеу.

2.4 Орналасқан жері туралы ақпарат беру тәртібін бұзу

Халықаралық тіркелген тестілеу пулында және Ұлттық тестілеу пулында тұратын Спортшы он екі ай ішінде тестілеу және тергеу жөніндегі Халықаралық стандартта

айқындалғандай, үш өткізіп алған тесттердің және (немесе) ақпарат бермеудің кез келген үйлесімі.

2.5 Допинг-бақылаудың кез келген құрамдас бөлігіндегі Бұрмалау немесе Бұрмалау Әрекеті

Допинг-бақылау процедураларын орындауға кедергі келтіретін, бірақ *Тыйым салынған әдісті* анықтауға жатпайтын кез келген мінез-құлық. *Бұрмалау*, соның ішінде, кедергілерді әдейі жасауды не *допинг-бақылау* қызметкеріне кедергілер жасау әрекеті, *Допингке қарсы ұйымға* жалған ақпарат беруді немесе қорқытуды немесе ықтимал куәгерді қорқыту әрекетін қамтиды.

2.6 Тыйым салынған затты немесе Тыйым салынған әдісті Иелену

261 *Спортшының Жарыс кезеңінде кез келген Тыйым салынған затты немесе Тыйым салынған әдісті Иеленуі* немесе, егер *Спортшы Иелену* 4.4 бапқа сәйкес берілген Терапевтикалық қолдануға (ТҚ) рұқсатқа сәйкес келетінін дәлелдемесе немесе басқа тиімді түсініктемелеріне ие, *Жарыстан тыс кезеңде Спортшының Жарыстан тыс кезеңде тыйым салынған кез келген Тыйым салынған затты немесе Тыйым салынған әдісті Иеленуі*.

262 *Егер бұл Спортшымен, Жарыспен немесе жаттығумен байланысты болса, егер Спортшының Бапкері, KFT мамандары, Спортшыларды қолдау персоналы Спортшының Иеленуі 4.4-бапқа сәйкес Спортшыға берілген ТҚ-ға қайшы келмейтінін немесе басқа да қолайлы түсініктемелер бар екенін негіздемесе, Жарыс кезеңінде Спортшының Бапкерінің, KFT мамандарының, Спортшыларды қолдау персоналының кез келген Тыйым салынған затты немесе Тыйым салынған әдісті Иеленуі немесе Жарыстан тыс кезеңде Жарыстан тыс кезеңде тыйым салынған кез келген Тыйым салынған затты немесе Тыйым салынған әдісті Иеленуі*.

2.7 Кез келген Тыйым салынған затты немесе Тыйым салынған әдісті Тарату немесе Тарату Әрекеті.

2.8 Тыйым салынған заттың немесе Тыйым салынған әдістің Жарыс кезеңінде кез келген Спортшыңызға Тағайындау немесе Тағайындау Әрекеті немесе Жарыстан тыс кезеңде Тыйым салынған заттың немесе Тыйым салынған әдістің Жарыстан тыс кезеңінде кез келген Спортшыға Тағайындау немесе Тағайындау Әрекеті.

2.9 Бірлесіп қатысу

Допингке қарсы ережелерді бұзуды немесе бұзу *Әрекетін* немесе өзге тұлғаның 10.12.1-бапты бұзуын қоса алғанда, қасақана бірлесіп қатысудың көмегі, көтермелеуі, жәрдемдесуі, арандатуы, сөз байласуы, жасырынуы немесе басқа түрі.

2.10 Тыйым салынған ынтымақтастық

Спортшының немесе *Допингке қарсы ұйымның* юрисдикциясындағы өзге *Тұлғаның* кәсіби немесе спортпен байланысты сапада, спортшының кез келген келесідегідей *Персоналымен* ынтымақтастығы:

2101 *Допингке қарсы ұйымның юрисдикциясына түскен жағдайда Дисквалификациялау мерзімін өтетін;* немесе

2102 Допингке қарсы ұйымның юрисдикциясына түспеген жағдайда және егер *Кодекске* сәйкес нәтижелерді өңдеу барысында *Дисквалификациялау* қолданылмаса, осы *Тұлғаға* *Кодекске* сәйкес келетін ережелер қолданылған жағдайда, допингке қарсы ережелерді бұзды деп танылатын іс-әрекеттерге қатысқаны үшін қылмыстық, тәртіптік немесе кәсіптік тергеу барысында айыпталған немесе кінәлі деп танылған.

2103 2.10.1 немесе 2.10.2-баптарда сипатталған тұлға үшін бөгде тұлға немесе делдал ретінде әрекет ететін.

2.11 Ақпарат берушілерді қорғау: допингке қарсы ережелерді бұзуға немесе тиісті емес мінез-құлыққа әкелуі мүмкін ақпаратты билікке хабарлайтын басқа тұлғаны қорқыту немесе осы тұлғаға кедергі жасау допингке қарсы ережелерді бұзу деп саналады.

3.1 Дәлелдеу ауыртпалығы және стандарттары

Қазақстан Республикасының Ұлттық допингке қарсы орталығына (ҚазҰДҚО), Халықаралық федерацияға (ФИФА, УЕФА немесе басқа уәкілетті допингке қарсы ұйымға) допингке қарсы ережелерді бұзудың орын алғанын дәлелдеу ауыртпалығы жүктеледі. Дәлелдеу стандарты ҚазҰДҚО, ФИФА немесе басқа уәкілетті допингке қарсы ұйымының жасалған айыптаулардың ауырлығын назарға ала отырып, тыңдау рәсімін жүзеге асыратын сарапшылар үшін допингке қарсы ережелерді қолайлы деңгейде бұзуды анықтауы болады. Бұл дәлелдеу стандарты барлық жағдайларда ықтималдықтар тепе-теңдігінен гөрі күшті, бірақ дәлелді күмән болмаған кезде дәлелденбейді.

Ойыншылар арасындағы қосымша айырмашылықтар: ФИФА ДКЕ (ADR antidoping regulation) "қорғалған тұлғалар" (ойыншылар немесе кәмелетке толмаған және/немесе халықаралық жарыстарға қатысу тәжірибесі жоқ басқа тұлғалар) және "әуесқой ойыншылар" (соңғы бес жылда халықаралық немесе ұлттық деңгейде ойнамаған ойыншылар) түсінігін енгізеді. Екі санат үшін де допингке қарсы ережелерді бұзғаны үшін санкциялар одан әрі төмендетілуі мүмкін және сот процесінде дәлелдеу ауыртпалығы жеңілдетіледі.

4-БАП. ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ТІЗІМ

4.1 Тыйым салынған тізімді қабылдау

Осы ережелер Кодекске сәйкес ВАДА жариялайтын және өңдейтін Тыйым салынған тізімді таниды. ҚФФ спорт түрлері бойынша Ұлттық командалардың Бас бапкерлеріне Тыйым салынған тізімді ұсынуға міндеттенеді.

4.1-бапқа ескерту. Тыйым салынған тізімге өзгерістер қажеттілік туындаған кезде енгізіледі және жарияланады. Тыйым салынған тізім жыл сайын ҚФФ ресми сайтында жарияланады.

4.2 Тыйым салынған тізімде көрсетілген Тыйым салынған заттар мен Тыйым салынған әдістер

4.2.1 Тыйым салынған заттар мен Тыйым салынған әдістер Тыйым салынған тізімге барлық уақытта допинг ретінде қолдануға тыйым салынған Тыйым салынған заттар мен Тыйым салынған әдістер кіреді, яғни Жарыс кезеңінде де, Жарыстан тыс кезеңде де, өйткені олар алдағы Жарыстарда дене қалпын жақсартуға немесе тек Жарыс кезеңінде Тыйым салынған заттар мен әдістерді қолдануды бүркемелеуге қабілетті.

4.2.2 Нақты анықталған заттар

10-бапты қолдану мақсатында барлық тыйым салынған заттар анаболикалық агенттер мен гормондар кластарындағы заттарды, сол стимуляторларды, гормондық антагонистерді және Тыйым салынған тізімде анықталған модуляторларды қоспағанда, дәл анықталған заттар болып табылады. Нақты анықталған заттар санатына тыйым салынған әдістер кірмейді.

4.3 Тыйым салынған тізімге затты немесе әдістерді енгізу критерийлері

4.3.3 ВАДА-ның Тыйым салынған тізімге қандай да бір затты немесе әдісті енгізу туралы шешімі, Тыйым салынған тізімдегі критерийлер бойынша заттарды жіктеу және барлық уақытта немесе тек Жарыс кезеңінде Тыйым салынған заттар бойынша жіктеу түпкілікті болып табылады және осы зат немесе әдіс бүркемеуші агент болып табылмайды, нәтижелерді жақсартмады, денсаулық үшін қауіп төндірмеді немесе спорт рухына қайшы келмеді дегеннің негізінде Спортшы немесе өзге Тұлға тарапынан талқылау нысанасы бола алмайды.

4.4 Терапевтік қолдануға (ТҚ) рұқсат

4.4.1 Тыйым салынған затты немесе тыйым салынған әдісті қолдануды талап ететін құжатталған медициналық көрсеткіштері бар спортшылар алдымен терапевтік қолдануға рұқсат алу туралы өтініш беруі керек. Тыйым салынған заттың немесе оның Метаболиттерінің немесе Маркерлерінің болуы, Тыйым салынған затты немесе Тыйым салынған әдісті Қолдану немесе Қолдану Әрекеті, Тыйым салынған заттарды немесе Тыйым салынған әдістерді Иелену немесе терапевтік қолдану жөніндегі Халықаралық стандарт негізінде берілген Терапевтік қолдануға рұқсатқа сәйкес Тыйым салынған затты немесе Тыйым салынған әдісті тағайындау допингке қарсы ережелерді бұзу болып саналмауға тиіс.

4.4.2 Халықаралық деңгейдегі Спортшы болып табылмайтын Спортшы *antidopingkaz@mail.ru* электрондық мекен-жайына ТҚ алу үшін ҚазҰДҚО-ға сұрау салуы тиіс, бұған дейін осы сұрауды ҚФФ-мен келісіп, оны электрондық хаттың көшірмесіне қоюы тиіс.

4.4.3 ТҚ алу үшін халықаралық деңгейдегі Спортшы болып табылатын Спортшы УЕФА-ға немесе ФИФА-ға *antidoping@fifa.org* электрондық мекен-жайына өтініш беруі тиіс.

5-БАП. ТЕСТІЛЕУ ЖӘНЕ ТЕРГЕУ

5.1 Тестілеу мен тергеудің мақсаты

Тестілеу мен тергеу тек допингпен күресу мақсатында жүргізілуі мүмкін.

5.1.1 Тестілеу Спортшының Кодексте көзделген зертханалық талдау әдісі арқылы Тыйым салынған затты немесе Тыйым салынған әдісті Қолдануға қатаң тыйым салуды сақтағанын (не сақтамағанын) дәлелдемесін алу мақсатында өткізіледі.

5.2 Тестілеу саласындағы өкілеттіктердің шегі

Кез келген Спортшы кез келген уақытта және кез келген жерде ҚазҰДҚО, ФИФА, УЕФА немесе басқа да уәкілетті допингке қарсы ұйым тарапынан оны Тестілеуден өткізуге құқығы бар, Сынама ұсыну қажеттілігі туралы хабарлама ала алады.

5.2.1 Қазақстан Республикасының азаматтары, резиденттері, лицензия иелері немесе спорт ұйымдарының мүшелері болып табылатын Спортшылар Жарыс кезеңінде де, Жарыстан тыс кезеңде де тестілеуден өтуі мүмкін.

5.2.2 Халықаралық деңгейдегі жарыстарда өнер көрсететін Спортшылар осы жарыстар басталғанға дейін кемінде 1 (бір) ай бұрын тестілеуден өтуі керек.

5.2.3 Дисквалификациялау мерзімін өтеп жатқан Спортшыларды қоса алғанда, Тестілеуді өткізу жөніндегі өкілеттіктер қолданылатын спорттан шықпаған Спортшылар кез келген уақытта Тестілеуден өтуі мүмкін.

5.3 Спортшының орналасқан жері туралы ақпарат

5.3.1 ФИФА Халықаралық тіркелетін тестілеу пулына және ҚазҰДҚО Ұлттық тіркелетін тестілеу пулына енгізілген Спортшы:

- тоқсан сайын ФИФА немесе ҚазҰДҚО-на ADAMS жүйесінде орналасқан жері туралы ақпарат беруі керек;
- ADAMS жүйесіндегі ақпараттың дәлдігі мен толықтығын үнемі қамтамасыз ету үшін оны үнемі жаңартып отыруға міндетті;
- ADAMS жүйесінде орналасқан жері туралы берілген ақпаратқа сәйкес тестілеу үшін өзінің қолжетімділігін қамтамасыз етуге міндетті.

ҚФФ спортшылардың деректері туралы ақпарат беру туралы үнемі мониторинг жүргізеді.

5.3.2 ФИФА немесе ҚазҰДҚО-ның Халықаралық тіркелетін тестілеу пулына кірмеген, бірақ ФИФА, УЕФА жарыстарына, Әлем чемпионатына, Олимпиада ойындарына (жастар, жасөспірімдер немесе ересектер арасында) қатысуды жоспарлап отырған спортшы өзінің орналасқан жері туралы ақпаратты жарыс басталардан кемінде үш ай бұрын беруі тиіс және тестілеуден өтуге міндетті. Осы қағидатты сақтамаған спортшының ФИФА, УЕФА жарыстарына қатысуға құқығы жоқ.

5.4 Спорттан кеткен спортшылардың Жарыстарға қатысуға қайтуы

5.4.1 Егер Халықаралық тіркелетін тестілеу пулында және Ұлттық тіркелетін тестілеу пулында тұратын халықаралық деңгейдегі немесе ұлттық деңгейдегі Спортшы спорттан кетіп қалса, бірақ кейіннен спортқа толыққанды қатысуға қайта оралуға ниет білдірсе, онда мұндай Спортшы ҚФФ, ФИФА және ҚазҰДҚО-на спортқа қайтып келу ниеті туралы жазбаша алдын ала ескертуді алты ай бұрын жолдап, Тестілеу үшін өз қолжетімділігін қамтамасыз етпесе, оның Халықаралық спорттық іс-шаралар немесе Ұлттық спорттық іс-шаралар аясында Жарыстарға құқылары болмайды.

5.4.1.1 5.4.1-бапты бұза отырып алынған барлық бәсекелестік Нәтижелер жойылуы тиіс.

5.4.2 Егер Спортшыға Дисквалификациялау түріндегі санкция қолданылса немесе қолданылуға тиіс болса және Спортшы Дисквалификациялау мерзімі аяқталғанға дейін спорттан кетіп қалса, бірақ кейіннен спортқа толыққанды қатысуға оралуға ниет білдірсе, онда мұндай

Спортишының Халықаралық спорттық іс-шаралар немесе Ұлттық спорттық іс-шаралар шеңберінде жарыстарға қатысуға құқығы жоқ, егер ол ҚФФ-ға және ҚазҰДҚО-на спортқа оралу ниеті туралы (немесе егер бұл мерзім алты айдан астамды құрса, спорттан кету күнінен бастап Спортишы өтемеген Дисквалификациялау мерзіміне сәйкес келетін уақыт аралығы үшін) жазбаша алдын ала ескертуді алты ай бұрын жолдап, Тестілеу үшін өз қол жетімділігін қамтамасыз етпесе.

6-БАП. СЫНАМАЛАРДЫ ТАЛДАУ

Сынамаларды талдау келесі қағидаттарға сәйкес жүргізілуі тиіс.

6.1 Аккредиттелген және мақұлданған зертханаларды пайдалану

2.1-баптың мақсаттары үшін *Сынамалар* тек *ВАДА* аккредиттелген зертханаларда талдануы керек.

6.2 Сынамаларды іріктеу және талдау мақсаты

Сынамаларды талдау Тыйым салынған тізімге кіретін Тыйым салынған заттар мен Тыйым салынған әдістерді және ВАДА нұсқауларына сәйкес өзге де заттарды анықтау мақсатында не гендік немесе геномдық профильдерді қоса алғанда, Спортишының зәрінің, қанының немесе өзге де биологиялық үлгісінің тиісті параметрлерінің бейіндерін жасауда ҚазҰДҚО, ФИФА немесе басқа уәкілетті допингке қарсы ұйымның жәрдемдесуі мақсатында не кез келген жағдайда жүргізілуі тиіс допингке қарсы күрес шеңберіндегі өзге де заңды мақсаттар. Кейінгі талдау мақсатында сынамаларды алуға және сақтауға болады.

6.3 Ғылыми мақсатта Сынамаларға талдау жүргізу

Спортишының жазбаша келісімінсіз бірде-бір Сынаманы ғылыми мақсатта зерттеуге болмайды. Талдауы 6.2-бапта көзделгеннен өзге мақсаттар үшін жүргізілетін Сынамалардан мұндай Сынамаларды белгілі бір Спортишымен байланыстыру мүмкін болмайтындай барлық сәйкестендіру белгілері алынып тасталуы тиіс.

7-БАП. НӘТИЖЕЛЕРДІ ӨНДЕУ

71 Нәтижелерді өндеуді жүргізетін *ҚазҰДҚО*, *ФИФА* немесе *басқа да уәкілетті допингке қарсы ұйым* допингке қарсы ережелерді ықтимал бұзушылықтар бойынша іс жүргізудің тыңдауға дейінгі процедурасын әзірлейді.

72 Допингке қарсы ережелерді бұзды деп айыпталған *Бапкерлерге* және *КФТ мамандарына және Спортшыларды қолдау персоналына* шешімдер.

ФИФА, *УЕФА* жанынан құрылған тәртіптік комиссия спорт түрлері бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық құрама командаларының мүшелеріне, Бапкерлерге, *КФТ мамандарына және спортшыларды қолдау персоналына* қатысты тәртіптік істерді қарау үшін допингке қарсы ережелерді бұзуға қатысты құжаттарды алдын ала зерделеп, *ҚФФ-ға* санкциялар қолдану туралы ұсыныс жібереді.

Жазаны қолдану туралы түпкілікті шешім *ФИФА*, *УЕФА* хаттамасының негізінде шығарылады.

8-БАП. ӘДІЛ ТЫҢДАУ ҚҰҚЫҒЫ ЖӘНЕ ТЫҢДАУ БАРЫСЫНДА ҚАБЫЛДАНҒАН ШЕШІМ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАУ

Допингке қарсы ережелерді бұзды деп айыпталған кез келген тұлғаға қатысты нәтижелерді өндеуге жауапты әрбір *Допингке қарсы ұйым* әділ және бейтарап комиссияның кем дегенде бейтарап тыңдауларын ақылға қонымды мерзімде қамтамасыз етуі керек. Салынған *Дисквалификациялау* мерзімінің себебін (себептерін) түсіндіруді қоса алғанда, уақтылы дәлелді шешім көпшілікке жария етілуі керек.

9-БАП. ЖЕКЕ НӘТИЖЕЛЕРДІҢ АВТОМАТТЫ ТҮРДЕ КҮШІН ЖОЮ

Жарыстық Тестілеу барысында анықталған допингке қарсы ережелерді бұзу барлық медальдарды, ұпайларды және жүлделерді алуды қоса алғанда, барлық туындайтын *Салдарлармен* осы *Жарыстар* барысында алынған нәтижелердің автоматты түрде күшін жоюына әкеп соғады.

10-БАП. ЖЕКЕ ТҮЛҒАЛАРҒА САНКЦИЯЛАР

Допингке қарсы ережелерді бұзғаны үшін *ВАДА* Кодексіне және *ФИФА ДҚЕ* допингке қарсы ережелеріне сәйкес дисквалификациялау мерзімі белгіленеді.

10.1 Дисквалификациялау мерзімі ішіндегі мәртебе

10.1.1 *Дисквалификация мерзімі ішінде қатысуға тыйым салу* *Дисквалификацияланған деп жарияланған Спортшының* *Дисквалификациялау* кезеңі ішінде *ФИФА*, *ҚФФ* немесе *ҚазҰДҚО*, кез келген клуб немесе *ФИФА* ұйым-мүшесі, *ҚФФ* мүшесі, немесе *ҚазҰДҚО* мүшесі рұқсат еткен немесе ұйымдастырған жарыстарға немесе өзге де қызметке (арнайы допингке қарсы білім беру және оңалту бағдарламаларын қоспағанда) немесе *Кәсіби футбол лигасы* немесе халықаралық немесе ұлттық деңгейдегі кез келген спорт ұйымдастырушысы рұқсат еткен немесе ұйымдастырған жарыстарға қандай да бір дәрежеде қатысуға құқығы жоқ.

Дисквалификациялау туралы шешім шығарылған *Спортшы Тестілеуден* өтуі керек.

10.2 Басқа санкциялар

Спортшы допингке қарсы ережелерді бұзған жағдайда, *ҚФФ*:

- 1) спорттық қызметпен байланысты ішінара немесе толық қаржыландырудан немесе оның спорттық қызметі шеңберінде *ҚФФ* тарапынан алынатын басқа да жеңілдіктерден бас тартуға;
- 2) ресми шешім шығарылған сәттен бастап жүргізілетін жарыстардың нәтижесі жойылған жағдайда ақшалай көтермелеуді қайтаруды жүзеге асыруға;
- 3) ресми шешім шығарылған сәттен бастап ФИФА халықаралық федерациясы және *ҚФФ* шығарған ақшалай айыппұл санкцияларын салуға;
- 4) ресми шешім шығарылған сәттен бастап ағымдағы маусымда алынған спорттық құрал-жабдықтар мен спорттық жабдықтарды қайтаруды жүзеге асыруға;
- 5) ресми шешім шығарылған сәттен бастап жүргізілетін халықаралық спорттық жарыстарда спорттық жарақаттар мен мертігулер алған кезде өтемақы төлемдерінен айыруға;
- 6) дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға нәтиже жойылған сәттен бастап жүргізілетін спорттық атақтан айыруға арналған құжаттарды ұсынуға;
- 7) спортшы ресми шешім шығарылған сәттен бастап шығарылатын құрама және штаттық құрама командалар құрамынан шығаруға құқылы.

10.3 ВАДА немесе Қазақстанның Ұлттық допингке қарсы орталығы (ҚазҰДҚО) шешім шығарғаннан кейін бапкерлерге, облыстық командалардың бапкерлеріне, КҒТ мамандарына және спортшыларды қолдау персоналына қолданылатын санкциялар.

1031 2.1 және 2.2-баптардың бұзылуына байланысты ұлттық спорт команда *спортшысының бапкеріне* немесе облыстық команда *спортшысының бапкеріне* қолданылатын Шеттетулер. Жаттықтырушылық қызметтен *Шеттету* мерзімі істің мән-жайына байланысты **алты айдан екі жылға** дейін болуы тиіс;

1032 Республикалық және/немесе халықаралық жарыстарға қатысудан *Шеттету* мерзімі істің мән-жайына байланысты **үш айдан екі жылға** дейін болуы тиіс.

10.4 Басқа допингке қарсы ережелерді бұзғаны үшін шеттету

1041 Бапкер үшін *Шеттету* мерзімі *екі жылды* құрауы тиіс, *Сынаманы* жинау процедурасына келмеген жағдайда *Бапкер*, *Спортшы* допингке қарсы ережені бұзу әдейі болмаған деп растай алған жағдайларды қоспағанда, осы Бапкердің *Спортшысы* 2.3-бапты (**Сынамаларды тапсыру процедурасына жалтару, бас тарту немесе келмеу**) немесе 2.5-бапты (*Допинг-бақылаудың кез келген құрамдас бөлігіндегі Бұрмалау немесе Бұрмалау Әрекеті*) бұзған жағдайда, *Шеттету* мерзімі *бір жылды* құрауы **тиіс**;

1042 2.7 немесе 2.8-бапты бұзғаны үшін бұзушылықтың ауырлығына байланысты кем дегенде **төрт жылдан бастап өмір бойы Дисквалификацияға** дейін Дисквалификация мерзімі белгіленеді. Кәмелетке толмағандарға қатысты жасалған 2.7 және 2.8-баптардың бұзылуы аса қауіпті бұзушылық ретінде қарастырылуы тиіс, егер оны Спортшының персоналы *Ерекше затқа* қатысты жасамаса, онда Спортшының персоналы өмір бойы дисквалификациялануы тиіс. Сонымен қатар, спорттық құқық саласына жатпайтын заңдар мен нормаларды бұзуы мүмкін 2.7 немесе 2.8-баптың елеулі бұзушылықтары туралы құзыретті әкімшілік, кәсіптік немесе сот органдарына хабарлануы тиіс.

10.5 Көп реттік бұзушылықтар

Егер төрт жыл ішінде *Банкер* болып тағайындалған тұлғада жаттығатын үш немесе одан да көп спортшыларда қолайсыз нәтиже табылса, бұл тұлға **екі жылдан сегіз жылға** дейінгі мерзімге республикалық және/немесе халықаралық жарыстарға қатысудан шеттетілуі мүмкін. Дисквалификациялау мерзімі ішінде *Банкерді Банкер* ретінде немесе басқа бапкерлік лауазымына тағайындауға немесе жалдауға болмайды.

10.6 Басқа санкциялар

10.6.1 Егер *Банкердің* кінәсі допингке қарсы ережелерді бұзғаны дәлелденсе, *ҚФФ*:

а) өз қалауы бойынша шешім шығарылған сәттен бастап *Банкермен* шартты бұзуға;
 ә) допингке қарсы ережелерді бұзған жарыстар кезінде алынған Бапкерден ақшалай сыйлықтарды қайтаруға;

б) дене шынықтыру және спорт саласындағы уәкілетті органға *Банкердің* атақтары мен регалияларын қайтаруға құжаттар ұсынуға құқылы.

10.7 КҒТ мамандарына және Спортшыларды қолдау персоналына қолданылатын шеттетулер

КҒТ маманы немесе *Спортшыларды қолдау персоналынан* басқа тұлға *Спортшыға* 2.2, 2.3, 2.4, 2.5, 2.6, 2.7 және 2.8 баптарды бұзуда көмек көрсеткен жағдайларда, бұл тұлға атқаратын лауазымынан *Шеттетілуі* тиіс.

10.8 Өзге жағдайларда Шеттету мерзімін қысқарту

Жаттықтырушыға, КҒТ маманына және/немесе спортшыларды қолдау персоналына тиісті өтініш берген кезде оларды *Шеттету* мерзімін қысқарту мынадай жағдайларда көзделеді:

- нақты өтеуден кейін *Шеттету* мерзімінің кемінде жартысы өтті; нақты өтеуден кейін *Шеттету* мерзімінің кемінде үштен екісі өтті;
- осы *Банкердің* спортшыларының қатысуы жоспарланатын халықаралық жарысқа дейін 10 (он) күн қалды;

Жоғарыда аталған негіздер *Банкер, КҒТ маманы және/немесе Спортшыларды қолдау персоналы* шеттету кезеңінде Допингке қарсы ережелердің басқа да бұзушылықтары анықталмаған жағдайда қолданылады.

10.9 Кінәсі немесе немқұрайлылығы болмаған жағдайларда Шеттету мерзімінің күшін жою

Егер *Спортшының Банкері, КҒТ маманы немесе Спортшыларды қолдау персоналы* әрбір жеке жағдайда олардың әрекеттерінде кінә немесе немқұрайлылық жоқ екенін дәлелдей алса, онда басқа жағдайда қолданылатын *Шеттету* мерзімі қолданылмауы керек.

11-БАП. ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

Допинг-бақылау нәтижелеріне, фактілерді жариялауға және барлық *Спортшылардың* жеке өміріне қол сұғылмаушылықты қорғау жөніндегі құқықтық нормаларды сақтауға байланысты қызметті үйлестіру қағидаттары келесі мәселелер шеңберін реттейді.

11.1 Құпиялылық

Нәтижелерді өңдеуге жауапты *ҚазҰДҚО, ФИФА немесе басқа да уәкілетті допингке қарсы ұйым* деректерді жария етпейінше, немесе деректерді жариялау туралы талаптарды бұзу фактісі танылмайынша, *ҚФФ* бұл ақпаратты өздері атқаратын кәсіби міндеттеріне байланысты білуі қажет тұлғаларға (олардың қатарына *ҚР Ұлттық Олимпиадалық комитетінің* тиісті функционалы бар персоналы жатады) өзге тұлғаларға бермеуге құқылы.

11.2 Допинг-бақылау деректерін жинау

Допинг-бақылау мақсаттары мен нәтижелерді өңдеу нәтижесінде қабылданған шешімдер үшін *Тестілеу* деректерін жинау және алмасу функцияларын жүзеге асыру мақсатында *ВАДА* құпия ақпаратты қорғау принциптерін ескеретін *АДАМС* дерекқорды басқару құралын әзірледі.

12-БАП. СПОРТШЫНЫҢ, БАПКЕРДІҢ, КҒТ МАМАНДАРЫНЫҢ ЖӘНЕ СПОРТШЫЛАРДЫ ҚОЛДАУ ПЕРСОНАЛЫНЫҢ ҚОСЫМША МІНДЕТТЕРІ

12.1 Спортшының міндеттері мен жауапкершілігі:

12.1.1 Спортшы осы Допинге қарсы ережелерді білуі және сақтауы керек.

12.1.2 Тестілеуді өткізу үшін өзінің қолжетімділігін қамтамасыз ету.

12.1.3 Допинге қарсы күрес шеңберінде жауапты болу, сондай-ақ оның не жейтіні және не қолданатыны үшін жауап беру.

12.1.4 Медициналық персоналға тыйым салынған заттар мен әдістерді қолданбау, сондай-ақ олар алатын кез келген медициналық қызмет осы *Допинге қарсы ережелерді* бұзбағаны үшін жауапкершілік туралы хабарлау.

12.1.5 Ол қолданатын немесе қолдануға дайындалатын әдіс немесе зат тыйым салынғанын не салынбағанын тексеру.

12.1.6 Егер спортшы ұлттық және/немесе халықаралық тестілеу пулына кірсе, онда ол өзінің орналасқан жері туралы өзекті ақпаратты ұсынуға міндетті.

12.2 Спортшы Бапкерінің, КФТ мамандарының және Спортшыларды қолдау персоналының міндеттері:

12.2.1 Осы Допинге қарсы ережелерді білу және сақтау.

12.2.2 *Спортшыны* тестілеу бағдарламаларын іске асырудағы ынтымақтастық.

12.2.3 Допинге төзбеушілік атмосферасын құру үшін *Спортшыға*, оның көзқарасы мен мінез-құлқына әсерін пайдалану.

13. АППЕЛЯЦИЯ**13.1 Апелляцияға беруге болатын шешімдер**

Осы *Кодекске* немесе Кодекстің негізінде әзірленген *қағидаларға* сәйкес қабылданатын шешімге *Кодекстің* 13.2 – 13.4-баптарында көрсетілгендей немесе *Кодексте* немесе *Халықаралық стандарттарда* өзгеше көзделгендей апелляциялар берілуі мүмкін. Апелляцияны қарау кезінде, егер апелляцияны қарайтын орган басқаша шешпесе, шешімдер күшінде қалады. Апелляция берер алдында осы процедуралар 13.2.2-бапта баяндалған қағидаттарға қайшы келмеген жағдайда, осы *Допинге қарсы ұйымның* ережелерінде көзделген шешімдерді қайта қараудың барлық процедуралары жүргізілуі тиіс.

13.2.1 Халықаралық деңгейдегі *Спортшыларға* немесе *халықаралық спорттық* іс-шараларға қатысты апелляциялар.

Егер бұзушылық Халықаралық спорттық іс-шара кезінде орын алса немесе халықаралық деңгейдегі Спортшылар қатысса, шығарылған шешімге апелляция тек Спорттық төрелік сотқа берілуі керек.

13.2.2 Басқа *Спортшыларға* немесе басқа *Тұлғаларға* қатысты апелляция.

13.2.1-баптың қолданысына жатпайтын жағдайларда, шешімге апелляция тәуелсіз және бейтарап ұйымға Ұлттық допингке қарсы ұйым белгілеген ережелерге сәйкес берілуі мүмкін.

Уақытша шеттету туралы *апелляцияны* тек Спортшы немесе Уақытша шеттету *жүктелген басқа тұлғалар ғана* бере алады.

14-БАП. ҚАУЫМДАСТЫҚТЫҢ (ҚФФ) ДОПИНГКЕ ҚАРСЫ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ ТУРАЛЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

ҚФФ Қазақстанның Ұлттық допингке қарсы орталығымен (ҚазҰДҚО) келісе отырып, допингке қарсы білім беру бағдарламаларын іске асыру туралы өзіне міндеттеме алады.

Допингсіз спортқа арналған ақпараттық және білім беру бағдарламаларының негізгі принципі, кіріспе тарауында айтылғандай, спорт рухын допинг келтіретін зияннан қорғау. Мұндай бағдарламалардың басты мақсаты – алдын алу. Мақсат *Спортшылардың Тыйым салынған заттар мен Тыйым салынған әдістерді* қасақана немесе байқаусызда қолдануын болдырмау болуы керек.

Ақпараттық бағдарламалар *Спортшыларға* допингке қарсы ережелерде сипатталғандай негізгі ақпаратты беруге бағытталуы керек. Білім беру бағдарламалары алдын алуға бағытталуы керек. Алдын алу бағдарламалары спорттың құндылықтарына негізделіп, мектеп бағдарламаларына енгізу арқылы жастарға ерекше назар аудара отырып, *Спортшылар мен Спортшының персоналына* бағытталуы керек.

Барлық қол қойған Тараптар өз мүмкіндіктері шеңберінде, жауапкершілігі шамасында және бір-бірімен ынтымақтастықта допингсіз спортты тазарту үшін алдын алу бойынша ақпараттық, білім беру бағдарламалары мен бағдарламаларының өткізілуін жоспарлауға, іске асыруға, бағалауға және қадағалауға тиіс.

Барлық *Қол қойған тараптар* тиісті мінез-құлық кодекстерін, осы саладағы үздік әдістердің үлгілерін, спорттағы, допингке қарсы күрес саласындағы этикалық нормаларды, сондай-ақ Кодекске сәйкес санкцияларды әзірлеу және енгізу мақсатында тиімді, құзыретті кәсіби қауымдастықтар құру үшін бір-бірімен және үкіметтермен ынтымақтасуға міндетті.

ВАДА және ҚазҰДҚО *ВАДА немесе Допингке қарсы ұйымдар* әзірлеген ақпараттық және білім беру ресурстары мен бағдарламаларын жинау мен таратудың негізгі орталығы ретінде әрекет етуі керек. Барлық қол қойған тараптар, Спортшылар және өзге де тұлғалар тәжірибе алмасу және спортта допингтің алдын алу үшін осы бағдарламалардың тиімділігін қамтамасыз ету мақсатында ақпараттық және білім беру допингке қарсы бағдарламаларды тарату жөніндегі күш-жігерді үйлестіру үшін бір-бірімен және үкіметтермен ынтымақтасуға тиіс.

Қауымдастық осы бағдарламаларды және барлық сұрақтар бойынша үнемі жаңартылатын және нақты ақпаратты *Спортшыларға және басқа Тұлғаларға* беруі тиіс.

1-ҚОСЫМША АНЫҚТАМАЛАР МЕН ТЕРМИНДЕР

ADAMS (Допингке қарсы әкімшілендіру және басқару жүйесі). Интернеттегі мәліметтер базасын деректерді енгізу, сақтау, тарату және есеп беру арқылы басқаруға арналған, мүдделі тұлғаларға және ВАДА-ға ақпаратты қорғау туралы заңнаманы сақтай отырып, олардың допингке қарсы қызметінде көмек көрсетуге арналған жүйе.

Қауымдастық. ФИФА, УЕФА мүшесі болып табылатын немесе Қазақстан Республикасында футбол мәселелерімен айналысатын ұйым ретінде танылған ұлттық құрылым (ҚФФ), оның мүшелері спортшылар болып табылады.

Талдаудың қолайсыз нәтижесі. Зертханадан немесе ВАДА мойындаған басқа құрылымнан зертханалар үшін халықаралық стандартқа және тиісті техникалық құжаттарға сәйкес сынамада тыйым салынған заттың немесе оның метаболиттерінің немесе маркерлерінің (эндогендік заттардың көбеюін қоса алғанда) болуы анықталғаны немесе тыйым салынған әдісті қолданудың дәлелі алынғаны туралы хабар.

Допингке қарсы ұйым. Допинг-бақылау процедурасының кез келген бөлігіне бастамашылық жасауға, енгізуге және орындауға бағытталған қағидаларды әзірлеуге жауапты қол қойылған тарап. Атап айтқанда, допингке қарсы ұйымдар – Халықаралық олимпиадалық комитеті, Халықаралық паралимпиада комитеті, өз жарыстарында тестілеуді өткізетін ірі халықаралық жарыстардың басқа ұйымдастыру комитеттері, ВАДА, халықаралық федерациялар және ұлттық допингке қарсы ұйымдар.

Спортшы. Халықаралық (әрбір халықаралық федерация белгілегендей) немесе ұлттық (әрбір ұлттық допингке қарсы ұйым белгілегендей, оның ішінде тіркелген тестілеу пулына кіретін тұлғалар ғана емес) деңгейде спортпен шұғылданатын кез келген тұлға, сондай-ақ қол қойған тараптың немесе Кодексті қабылдаған басқа спорт ұйымының құзырындағы кез келген басқа қатысушы.

Кешенді ғылыми топтың (KFT) мамандары. Ұлттық құрама командасының дәрігерлері, психологтары, массажистері, сондай-ақ спортшымен жұмыс істейтін, оған медициналық көмек көрсететін немесе спортшыға спорттық жарыстарға дайындалу мен қатысуға көмектесетін KFT басшысы және допингке қарсы маман.

Бапкер. Спортшылардың жаттығуларын **басқаратын** маман. Бапкер өз спортшыларын тәрбиелеуге, оқытуға және шеберлігін жетілдіруге, функционалдық мүмкіндіктерін дамытуға бағытталған оқу-жаттығу жұмысын жүзеге асырады.

Әрекет. Допингке қарсы ережелерді бұзуға бағытталған қызметтегі маңызды буын болып табылатын іс-әрекеттерге әдейі қатысу. Допингке қарсы ережелерді бұзу тек бұзушылық әрекеті негізінде қарастырылмайды деген шарт, бұл әрекетке қатыспаған үшінші тарапқа белгілі болғанға дейін әрекетке қатысудан бас тарту болады.

Типтік емес нәтиже. Зертханадан немесе ВАДА бекіткен басқа құрылымнан зертханалар мен басқа да техникалық құжаттарға арналған халықаралық стандартқа сәйкес нәтиже туралы хабарлау оны талдаудың қолайсыз нәтижесі деп танудан бұрын қосымша зерттеулерді қажет етеді.

CAS. Спорттық төрелік сот.

Тәртіптік комиссия. Допингті қолдануға қатысты спорттық жарыстардың ережелерін (реттемесін), ФИФА және (немесе) Федерация бекіткен нормаларды бұзған, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген, тәртіптік жауапкершілікке әкелетін дене шынықтыру мен спорт саласындағы моралдық-этикалық мінез-құлық нормаларды және міндеттемелерді бұзған Қазақстан Республикасы Ұлттық құрама команданың мүшелеріне және кәсіби клубтардың ойыншыларына (ҚКФЛ) қатысты тәртіптік істерді қарастыру мақсатында «Қазақстанның Футбол федерациясы қауымдастығы» ЗТБ құратын тұрақты коллегиялды орган.

Кодекс. Дүниежүзілік допингке қарсы кодекс.

Жарыс. Дара жарыс, матч, ойын немесе дара спорттық жарыс.

Допингке қарсы ережелерді бұзудың салдары. Спортшының немесе басқа тұлғаның допингке қарсы ережелерді бұзуы келесі салдардың біріне немесе одан да көбіне әкелуі мүмкін:

а) күшін жою – барлық марапаттарды, ұпайлар мен жүлделерді алып қоя отырып, қандай да бір жарыста немесе спорттық іс-шарада спортшының нәтижелерін жою;

б) дисквалификация – спортшыны немесе өзге тұлғаны кез келген жарыстарға немесе өзге де спорттық қызметке қатысудан белгілі бір мерзімге шеттету немесе қаржыландыруды беруден бас тарту;

с) 8-бапқа сәйкес өткізілетін тыңдауларда қорытынды шешім шығарылғанға дейін спортшыны жарыстарға қатысудан уақытша шеттету («Әділ тыңдауларға құқық»).

Дисквалификация. Жоғарыдағы Допингке қарсы ережелерді бұзудың салдарын қараңыз.

Допинг-бақылау. Тестілеуді жоспарлаудан бастап апелляцияны түпкілікті қарауға дейінгі барлық кезеңдер мен процестер, соның ішінде орналасқан жері туралы ақпарат беру, сынамаларды жинау және тасымалдау, зертханалық зерттеулер, терапевтік қолдануды сұрау, нәтижелерді өңдеу және тыңдаулар өткізу сияқты барлық кезеңдер мен олардың арасындағы процестер.

Спорттық іс-шара. Бір ұйым біртұтас өткізетін жеке жарыстар сериясы (мысалы, Олимпиада ойындары, халықаралық ұйымдар (ФИФА, УЕФА) ұйымдастырған Әлем чемпионаттары).

Жарыс кезеңі. Жарысты өткізетін ұйым белгілейтін спорттық іс-шараның басталуы мен аяқталуы арасындағы уақыт.

«Жарысқа қатысу» кезеңінің анықтамасы: ойыншы енді "жарысқа қатысушы" болып саналатын жаңа кезең ойыншы қатысуы тиіс матчтан бір күн бұрын сағат 23: 59-да басталады, аталған матчтың соңына дейін, соның ішінде матчқа қатысты сынамаларды жинау процесі. Бұл турнир ішінде "жарысқа қатыспау" және "жарысқа қатысу" кезеңдерін ауыстыратын қысқа кезеңдерге әкеледі.

Жарыстық тестілеу. Егер халықаралық федерацияның немесе басқа да тиісті допингке қарсы ұйымның ережелерінде басқаша көрсетілмесе, онда «жарыстық кезең» спортшы жарыстың соңына дейін және осы жарысқа қатысты сынамаларды жинау процесіне дейін қатысуы керек болатын жарыстан он екі сағат бұрын басталатын уақытты білдіреді.

Халықаралық спорттық іс-шара. Өткізуі үшін Халықаралық Олимпиадалық комитеті, Халықаралық паралимпиада комитеті, Халықаралық федерация, ірі халықаралық жарыстың ұйымдастыру комитеті немесе басқа халықаралық спорт ұйымы жауап беретін немесе техникалық персоналды тағайындайтын спорттық іс-шара.

Халықаралық деңгейдегі спортшы. Бір немесе одан да көп Халықаралық федерация осы федерацияның тіркелген тестілеу пулына енгізген спортшы.

Халықаралық стандарт. Кодексті қолдау үшін ВАДА қабылдаған стандарт. Халықаралық стандартқа сәйкестік (басқа балама стандартқа, белгіленген тәртіпке немесе процедураға қарама-қарсы) халықаралық стандартқа қатысты қандай да бір процедураның тиісті түрде жүргізілгенін анықтау кезінде жеткілікті негіз болуға тиіс. Халықаралық стандарттар халықаралық стандарттарға сәйкес шығарылған кез келген техникалық құжаттарды қамтуы керек.

Ірі халықаралық жарыстардың ұйымдары. Ұлттық Олимпиадалық комитеттерінің континенттік қауымдастықтары және континенттік, аймақтық және басқа да халықаралық спорттық іс-шараларды өткізуге жауапты бірнеше спорт түрлерін біріктіретін басқа да халықаралық ұйымдар.

Маркер. Тыйым салынған затты немесе тыйым салынған әдісті қолдануды куәландыратын күрделі зат, осындай заттар тобы немесе биологиялық параметрлер.

Метаболит. Биотрансформация процесінде пайда болған кез келген зат.

Кәмелетке толмаған. Тұрғылықты елінің заңнамасына сәйкес кәмелеттік жасқа толмаған кез келген тұлға.

Ұлттық спорттық іс-шара. Халықаралық спорттық оқиға болып табылмайтын халықаралық және ұлттық деңгейдегі спортшылардың қатысуымен өтетін спорттық іс-шара.

Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті. Халықаралық Олимпиадалық комитеті мойындаған халықаралық олимпиадалық қозғалысында Қазақстанның атынан өкілдік ететін ұйым.

Кенеттен бақылау. Спортшыны алдын ала хабардар етпей жүргізілетін допинг-бақылау, егер спортшыны уәкілетті тұлға алып жүрсе, хабарламаны алған сәттен бастап сынамаларды тапсырғанға дейін.

Кінәнің немесе немқұрайлылықтың болмауы. Спортшының білмеу фактісі және тіпті барлық сақтық шараларын қолдана отырып, бұл спортшының тыйым салынған затты немесе тыйым салынған әдісті қолданғаны немесе тағайындағаны туралы білуге немесе күдіктенуге қабілетсіздігі анықталған жағдай.

Шамалы кінә немесе немқұрайлылық. Спортшының барлық мән-жайларды ескере отырып қаралған және «кінәсіздіктің немесе немқұрайлылықтың жоқтығы» тұжырымдау критерийлерін ескере отырып, оның кінәсі немесе немқұрайлылығы допингке қарсы ережелердің бұзылуына байланысты елеусіз болып табылатынын көрсететін фактілерді ұсынуы.

Жарыстан тыс тестілеу. Жарыстық болып табылмайтын кез келген допинг-бақылау.

Иелену. Нақты, физикалық иелену немесе дәлелденетін жанама иелену (бұл тұлға тыйым салынған затты немесе әдісті немесе тыйым салынған зат орналасқан немесе тыйым салынған әдіс қолданылатын үй-жайларды эксклюзивті бақылауға алған кезде орын алады); алайда, егер тұлға жоғарыда көрсетілген эксклюзивті бақылауға ие болмаса, жанама иелену тұлға тыйым салынған зат немесе әдістің бар болуы туралы білген және осындай бақылауды орнатуды ниеттенген кезде ғана орын алады. Допингке қарсы ережелерді бұзғаны туралы кез келген хабарламаны алғанға дейін тыйым салынған затқа немесе әдіске ие тұлға допингке қарсы ұйымның мұндай бас тартуы туралы анық мәлімдей отырып, тыйым салынған затты немесе әдісті иеленуге ешқашан ниеттенбегенін көрсету мақсатында нақты қадамдар жасаса, тек иелену негізінде допингке қарсы ережелерді бұзу деп санауға болмайды. Осы анықтамадағы кейбір қайшылықтарға қарамастан, тыйым салынған затты немесе тыйым салынған әдісті сатып алу (электронды немесе басқа құралдар арқылы сатып алуды қоса алғанда) мұндай сатып алуды жасаған тұлға үшін тыйым салынған әдісті немесе затты иелену болып саналады.

Тыйым салынған тізім. Тыйым салынған заттар мен тыйым салынған әдістердің тізбесін белгілейтін тізім.

Тыйым салынған зат. Тыйым салынған тізімде келтірілген кез келген зат.

Тыйым салынған әдіс. Тыйым салынған заттар мен тыйым салынған әдістердің тізбесін белгілейтін тізім.

Уақытша шеттету. Допингке қарсы ережелерді бұзудың салдарын қараңыз.

Халықаралық тіркелетін тестілеу пулы. ФИФА үшін сынама жинау жоспарының бөлігі болып табылатын жарыстық және жарыстан тыс тестілеу үшін ФИФА Халықаралық Федерациясы құрастырған жоғары деңгейдегі спортшылардың тізімі жыл сайын ресми сайтта халықаралық тіркелген тестілеу пулына енгізілген спортшылардың тізімін жариялайды.

Ұлттық тіркелетін тестілеу пулы. Қазақстан Республикасының Ұлттық допингке қарсы орталығы (ҚазҰДҚО) жарыстық та, жарыстан тыс тестілеу үшін де құрастыратын, ҚазҰДҚО үшін сынама жинау жоспарының бір бөлігі болып табылатын жоғары деңгейдегі спортшылардың тізімі. Бұл пул белгілі бір критерийлер бойынша құрылады (соның ішінде, бірақ онымен шектелмейді): рейтинг, баяндамалар, тәртіптік тыңдаулардың қорытындылары және ҚазҰДҚО анықтайтын басқа факторлар.

Сынама. Допинг-бақылау жүргізу мақсатында жиналатын кез келген биологиялық

материал.

Қол қойған тараптар. Кодекске қол қойған және Халықаралық Олимпиадалық комитетін, халықаралық федерацияларды, Халықаралық паралимпиада комитетін, Ұлттық Олимпиадалық комитеттерін, Ұлттық паралимпиада комитеттерін және ірі жарыстардың ұйымдастыру комитеттерін, Ұлттық допингке қарсы ұйымдар мен ВАДА-ны қоса алғанда, онда көрсетілген қағидаттар мен ережелерді сақтауға келіскен ұйымдар.

Нақты анықталған заттар. Бұл терминнің анықтамасы 4.2.2-бапта берілген

Елеулі жәрдем. Елеулі жәрдем көрсететін тұлға:

1) ол иеленетін допингке қарсы ережелерді бұзуға қатысты ақпаратты жазбаша түрде өз қолымен ұсынуы тиіс, және

2) егер допингке қарсы ұйымнан немесе тыңдаулар өткізетін комиссиядан тиісті сұрау түссе, осы ақпаратқа байланысты кез келген жағдайды, мысалы, тыңдауларда айғақтар беруді қоса алғанда, тергеуге және ресми талқылауға толық көлемде жәрдемдесуі тиіс. Берілген ақпарат сенімге ие болуы керек және іс қозғалған істі тергеу үшін маңызды болуы керек немесе егер іс әлі қозғалмаса, мұндай істі қозғауға жеткілікті негіз беруі керек.

Бұрмалау. Заңсыз мақсаттармен және /немесе заңсыз тәсілмен өзгерту; заңсыз ықпал ету; заңсыз араласу; кедергі жасау; жаңылыстыру; нәтижелерді өзгерту мақсатында алаяқтық жасау; допингке қарсы ұйымда көзделген процедураларды жүргізуге кедергі жасау; допингке қарсы ұйымға дұрыс емес ақпарат беру.

Мақсатты тестілеу. Спортшылар немесе спортшылар топтары арнайы таңдалған уақытта кездейсоқ емес тестілеу үшін таңдалған кезде тестілеу үшін спортшыларды таңдау.

Тестілеу. Сынамаларды жинау жоспары, сынамаларды жинау, олармен жұмыс істеу, сондай-ақ сынамаларды зертханаға жеткізу кіретін допинг-бақылау процедурасының бөлігі.

Тарату. Тыйым салынған заттарды немесе тыйым салынған әдісті (тікелей немесе электронды немесе басқа құралдар арқылы) спортшының, спортшының персоналының немесе допингке қарсы ұйымның юрисдикциясындағы кез келген басқа тұлғаның кез келген үшінші тарапқа сатуы, беруі, тасымалдауы, жөнелтуі, жеткізуі немесе таратуы. Бұл анықтама емделу үшін немесе басқа да негізделген мақсаттармен тыйым салынған заттарды қолданатын адал медициналық персоналдың әрекеттеріне қатысты болмауы керек. Сондай-ақ, бұл анықтама, егер мән-жайлар тыйым салынған заттарды медициналық емес мақсаттарда және заңсыз терапевтік мақсаттарда пайдалану ниеті болмағанын растайтын болса, жарыстан тыс кезеңде пайдалануға рұқсат етілген заттармен әрекеттерді қамтымауы керек.

Терапевтік қолдануға рұқсат: бұл терминнің анықтамасы 2.6.1-бапта берілген.

Қолдану. Тыйым салынған заттарға және тыйым салынған әдістерге қатысты қандай да бір нәрсені пайдалану, қолдану, жеу, инъекциялық жолмен енгізу, сондай-ақ кез келген басқа тәсілмен қолдану.

WADA. Дүниежүзілік допингке қарсы агенттік.